

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№ 4 хаттама

Кентау қаласы

13.12.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: О.Д.Меирбекова, Ә.Т.Баялы және ОПҚ.

Күн тәртібінде

- 1 ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы
- 2 Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау
- 3 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау
- 4 Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы
- 5 ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
- 6 Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы
- 7 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау
- 8 Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч мырза факультет кафедралары ПОҚ-дың индикативті жоспарларына сәйкес 1)Академиялық бағыт, 2)Ғылым бағыты, 3)Адам ресурстарын және басқару тиімділігін жетілдіру бағыты, 4)Әлеуметтік-мәдени бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілетіндігін айтты. Сондай-ақ, ПОҚ-индикативті жоспарларының орындалуы барысы ағымдағы жағдай бойынша қанағаттанарлық деңгейде екендігін атап, алдағы уақытта жүйелі бақылауды ұсынды.

Келесі сөз кезегін алған факультет Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Ниязова жоспарға сәйкес келесі оқу құралдарының факультет Оқу-әдістемелік комитеті тарапына талқылауға ұсынуы мерзімінің кешігуі туралы айтып, кафедра меңгерушілеріне назарға алу қажеттілігін атап өтті:

Кафедра	Оқытушының аты-жөні	Дайындалатын жұмыстың аты	Дайын болу мерзімі
Компьютерлік инженерия	Назарбек Т.С., Баялы Ә.Т. Джаханова Б.Н.	MathCAD компьютерлік математика есептерін басқаруға арналған әмбебап жүйе.	Желтоқсан, 2024
Электр инженериясы	Рустамов Н.Т., Бабахан Ш.А.	Электр техникасының теориялық негіздері пәнінен қызықты есептер жинағы	Желтоқсан, 2024

Шешім 1.1:

ПОҚ-индикативті жоспарларының орындалуы барысы қадағалансын.

Екінші мәселе түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайы туралы сөз алған Электр инженериясы кафедрасының меңгерушісі З.Қ.Абдикулова білім беру бағдарламалары 6В07153-Электр энергетикасы - 59%, Автоматтандыру және басқару - 30%, Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша - 51,3% түлектерінің жұмыспен қамтылғандығы туралы айтты.

Келесі сөз кезегін алған Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі Г.Казбекова 2024 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы туралы 6В06151-Ақпараттық жүйелер - 85,3%, 6В06181-Ақпаратты өңдеу және визуализациялау - 88,9%, 6В06182-Компьютерлік инженерия, 6В06152 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету - 45,5%, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша -77,8% болғандығын туралы ақпарат ұсынды.

Сөз кезегін алған Ж.Калимбетова түлектердің жұмысқа орналасуы факультеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2024 жылға - 75% екендігін айтып өтті. Ағымдағы жағдай бойынша Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша - 87 %, Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша -70 %. Ал, жалпы факультет бойынша - 78,5% екендігін айтып өтті және бұл көрсеткіш факультеттің стратегиялық даму жоспарының орындалғандығын көрсететіндігін айтты. Сонымен қатар, 20% бітіруші түлекке мамандығы бойынша бітіруші курста жұмыс жасауға мүмкіндік беру, түлектерден кері байланыс алуы қиындауына байланысты, ақпаратты автоматты түрде алу үшін, олар ақпаратты алу келісімін Мансап бөліміне өткізу (кету қағазына кол қоярда) қажеттіліктері бар екендігін атап өтті.

Шешім 2.1: 2024 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайы туралы ақпарат назарға алынсын.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова: «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, «УЕ-ХҚТУ-027-2022- Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі» талаптарына сәйкес қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамы туралы келесі ұсыныстар берілгендігін айтты.

Электр инженериясы кафедрасы бойынша 6В07153-Электр энергетикасы, 6В07154-Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламалары бойынша бойынша алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы құрамы:

6В07153 - Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бойынша

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс орны	АК қызметі
1.	Абдимуратов Жубанышбай Суйиуллаевич	PhD, доцент	Г.Даукеев атындағы АБЭУ, Электр энергетика және электр техникасы институтының директоры	Комиссия төрағасы
2.	Абдикулова Загипа Киргизбаевна	кафедра меңгерушісі, техн.ғ.к.	Электр инженериясы кафедрасы	Комиссия мүшесі
3.	Агабекова Актолкын Бекарысовна	PhD, доцент м.а.		
4.	Рустамов Насим Төлегенұлы	техн.ғ.д., аға оқытушы		

5.	Меирбекова Оксана Даировна	Аға оқытушы		Хатшы
----	-------------------------------	-------------	--	-------

6B07154 - Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасы бойынша

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс орны	АК қызметі
1.	Абдимуратов Жубанышбай Суйиуллаевич	PhD, доцент	Г.Даукеев атындағы АБЭУ, Электр энергетика және электр техникасы институтының директоры	Комиссия төрағасы
2.	Абдикулова Загипа Киргизбаевна	кафедра меңгерушісі, техн.ғ.к.	Электр инженериясы кафедрасы	Комиссия мүшесі
3.	Рустамов Насим Төлегенұлы	техн.ғ.д., аға оқытушы		
4.	Касымбеков Аббазбек Сугирович	техн.ғ.к., доцент		
5.	Меирбекова Оксана Даировна	аға оқытушы		Хатшы

Компьютерлік инженерия кафедрасы бойынша 6B06151-Ақпараттық жүйелер, 6B06182-Компьютерлік инженерия, 6B06181-Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау, 7M06128-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламалары бойынша алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы құрамы:

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс орны	АК қызметі
1.	Кемелбекова Жанар Сатыбалдиевна	техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	Комиссия төрайымы
2.	Казбекова Гулнур Нагиметовна	Техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор	Компьютерлік инженерия кафедрасы	Комиссия мүшесі
3.	Жунисов Нурсейт Мухитдинович	PhD, аға оқытушы		
4.	Аманов Ануарбек Нурсейтович	PhD, аға оқытушы		
5.	Баймурзаев Боранбек Оралбекович	Магистр оқытушы		Хатшы

Шешім 3.1. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамы университет Оқу-әдістемелік комитеті тарапына бекітуге ұсынылсын.

Төртінші мәселе бойынша ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы сөз алған факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Ниязова: Факультет бойынша жоспарланған ашық сабақтардың саны 8, орындалғаны 8. Ашық сабақтар бағалау кестесі бойынша бағаланып, талдау хаттамалары толтырылған. Ашық сабақтар өту барысында профессор-оқытушылар жаңа технологияны пайдаланған. Ашық сабақтардың оқыту нәтижелері айқындалған. Білімгерлердің өздігінен іздену, ойлау қабілеттерін арттыруға бағытталған. Пәнаралық байланыс және кері байланыс тиімді ұйымдастырылған. Факультет, университет деңгейінде озық тәжірибе ретінде таратуға ұсынатын ашық сабақтар:

1. *Электр инженериясы* кафедрасының доценті, техн.ғ.к. А.С.Қасымбеков *Электр қондырғыларын автоматтандыру, және қорғау пәні «Smart Grids зияткерлік энергетикалық жүйесі»* тақырыбындағы бойынша ашық сабағы.

2. *Компьютерлік инженерия* кафедрасы аға оқытушы Искендірова Г.С. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні бойынша өткізген «Google Docs көмегімен Google аккаунттарды құру» ашық сабағы.

Инженерия факультетінде 2024-2025 оқу жылының 1-семестр бойынша өзара сабаққа қатысу жоспары жасалып, бекітілген. Кестеге сәйкес ОПК сабағына жоспар бойынша бекітілген оқытушылар кірді. Сабаққа ену нәтижелері өзара сабаққа ену журналдарына мерзімінде толтырылды. Жас оқытушылардың сабағына әдіс алмасу мақсатында тәжірибелері мол, әдістемені жақсы меңгерген оқытушылардың кіруі қарастырылған. Барлық сабақтарға әдістемелік талдау жасалынды ма, өзара сабаққа қатысу журналы толтырылды. Кафедраларда оқытушылардың педагогикалық жетістіктерін тарату, тәжірибе алмасу мақсатында іс шаралар жүргізіледі. Жалпы өзара сабаққа қатысу бойынша факультет кафедраларында 23 өзара сабаққа қатысу іске асырылған, оның ішінде *Электр инженериясы* кафедрасында 12, *Компьютерлік инженерия* кафедрасында 11.

Шешім:

4.1 Факультет кафедраларында ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату нәтижелері назарға алынсын.

4.2. *Электр инженериясы* кафедрасының доценті, техн.ғ.к. А.С.Қасымбековтің *Электр қондырғыларын автоматтандыру және қорғау пәні «Smart Grids зияткерлік энергетикалық жүйесі»* тақырыбындағы бойынша ашық сабағы және *Компьютерлік инженерия* кафедрасы аға оқытушы Г.С.Искендірованың Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні бойынша өткізген «Google Docs көмегімен Google аккаунттарды құру» ашық сабағы факультет деңгейінде озық тәжірибе ретінде таратуға ұсынылсын.

Бесінші мәселе бойынша сөз алған Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Ниязова 1-кестеге сәйкес оқытудың инновациялық технологиялары бағытында ПОҚ біліктілік жетілдіргенін атап өтті:

Кесте 1. Оқытудың инновациялық технологиялары бағытында ПОҚ біліктілік жетілдіруі туралы

Кафедра атауы	Біліктілік жетілдіру курсы атауы, ұйым	Ұйым атауы	ПОҚ саны
2023-2024 оқу жылы			
Компьютерлік инженерия	«Жоғары білім берудегі цифрлық технологиялар» курсы.	Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Біліктілікті арттыру орталығы.	12
	«Искусственный интеллект (ИИ) для всех» курсы.	Coursera	3
Электр инженериясы	«Техникалық пәндерді оқытуда заманауи технологияларды пайдалану» курсы.	Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Біліктілікті арттыру орталығы, 16.10.2023-28.10.2023ж.	11

Сөз кезегін алған *Электр инженериясы* кафедрасы меңгерушісі З.Абдикулова ПОҚ ашық сабақтарында қолданылған инновациялық оқыту әдістеріне тоқталды: Оқытушы Калимбетова Ж.С. «Жарықтандыру технологиясы және жобалау» пәні бойынша өткізген «Жарық көздерін таңдау» ашық сабағында топпен жұмыс, жобалау әдістерін қолданылды.

Оқытушы Мұхамеджанов Н.Б. «Релелік қорғаныс және автоматика» пәні бойынша өткізген «Электрромагнитті сілтеуіш релесін зерделеу және сынау» атты ашық сабағын

өткізу барысында пікірталас әдісін, өзін-өзі бағалау әдістерін қолданылды. техн.ғ.д. Рустамов Н.Т. «Электр техникасының теориялық негіздері І» пәні бойынша өткізген «Үшфазалы тоқтың электр тізбектері. Үш фазалық электр тізбектерінің негізгі түсініктері мен анықтамалары. Энергия көзі мен қабылдағыштың жұлдызша, үшбұрышша жалғану схемасы» атты ашық сабағын өткізу барысында баяндау әдісі, дамыта оқыту әдістері қолданылды. техн.ғ.к., доцент Қасымбеков А.С. Электр қондырғыларын автоматтандыру және қорғау пәні бойынша өткізген “Smart Grids” зияткерлік энергетикалық жүйесі» атты ашық сабағын өткізу барысында жобалау әдісін қолданылды.

Келесі сөз кезегін алған Компьютерлік инженерия кафедрасы меңгерушісі Г.Казбекова: Аға оқытушы Искендірова Г.С. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні бойынша өткізген Google Docs көмегімен Google аккаунттарды құру ашық сабағында жобалау әдісі, топпен жұмыс, жеке жұмыс, өзін-өзі бағалау әдістері қолданылды. Аға оқытушы Баймурзаев Б.О. «SQL негіздері» пәні бойынша өткізген түрлі кестелер құру барысында Join-дар арқылы түрлі сұраныстар жасау ашық сабағында жобалау әдісі, топпен жұмыс, жеке жұмыс, өзін-өзі бағалау әдістері қолданылды. Оқытушы Тойлыбаева Н.Т. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні бойынша өткізген Ақпараттық қауіпсіздік қатерлерінің жіктелуі ашық сабағында табыс сатысы, тандау әдісі, топпен жұмыс, ойын технологиясы қолданылды.

Шешім 5.1: Инженерия факультеті бойынша ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау педагогикалық озық тәжірибе тарату нәтижелері назарға алынсын.

Алтыншы мәселе бойынша бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы сөз алған Электр инженериясы кафедрасының Академиялық комитет төрағасы О.Д.Меирбекова: Кафедрада 2024-2025 оқу жылында Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша магистратура деңгейінде 7M07130-Электр энергетикасы ББ аккредитациядан өтеді. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстары жүргізілу үстінде екенін атап өтті. Компьютерлік инженерия кафедрасы бойынша сөз алған А.Баялы кафедрада 2024-2025 оқу жылында аккредитацияланатын ББ жоқ екендігін мәлімдеді.

Шешім 6.1: Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша магистратура деңгейінде 7M07130-Электр энергетикасы ББ аккредитациялануына қажетті дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Жетінші мәселе бойынша 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру максатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау туралы Компьютерлік инженерия кафедрасы меңгерушісі, доцент Г.Казбекова келесідей ақпарат ұсынды:

№	Білім беру бағдарламалар тобының шифры мен атауы
1.	B057-Ақпараттық технологиялар (6B06151-Ақпараттық жүйелер)
2.	B057-Ақпараттық технологиялар (6B06182-Компьютерлік инженерия)
3.	B057-Ақпараттық технологиялар (6B06181-Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау)
4.	M094-Ақпараттық технологиялар (7M06128-Ақпараттық жүйелер)
5.	M094-Ақпараттық технологиялар (7M06146- Компьютерлік инженерия)
6.	D094-Ақпараттық технологиялар (8D06115 –Ақпараттық жүйелер)

Жоғары білім бойынша

Коды	Топтың атауы	Гранттардың жалпы саны	Күндізгі толық
B057	Ақпараттық технологиялар	120	120

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша

Коды	Білім беру бағдарламаларының атауы	Орындар саны
M094	Ақпараттық технологиялар	10
D094	Ақпараттық технологиялар	3

Сөз кезегін алған Электр инженериясы кафедрасы меңгерушісі З.Абдикулова 2025-2026 оқу жылы үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру мақсатында ақпараттық карта толтырылатын білім беру бағдарламалары тізімін келесідей ұсынды:

№	Білім беру бағдарламалар тобының шифры мен атауы
7.	B062-Электр техникасы және энергетика (6B07153-Электр энергетикасы)
8.	B063-Автоматтандыру және басқару (6B07154-Автоматтандыру және басқару)
9.	B064-Механика және металл өңдеу (6B07189-Машина жасау)
10.	M099-Энергетика және электртехникасы (7M07130-Электр энергетикасы)
11.	M100-Автоматтандыру және басқару (7M07158 – Автоматтандыру және басқару)

Жоғары білім бойынша

Коды	Топтың атауы	Гранттардың жалпы саны	Күндізгі толық
B062	Электр техникасы және энергетика	30	30
B063	Автоматтандыру және басқару	20	20
B064	Механика және металл өңдеу	20	20

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша

Коды	Білім беру бағдарламаларының атауы	Орындар саны
M099	Электр энергетикасы	5
M100	Автоматтандыру және басқару	5


Шешім 7.1: 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімі назарға алынсын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



Г.Ж.Ниязова

Хатшы



О.М.Меирбекова